



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №15 (1883) 24 СӘУІР 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Санкт-Петербург университетімен серіктестік артады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында Ұлы Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университетінің (СПБПУ) ректоры Андрей Рудскиймен кездесті.



Кездесуде Санкт-Петербург политехникалық университетінің ректоры оқу орнының инфрақұрылымын көрсетіп, жаңа ғылыми жобалармен таныстырды.

Өз кезегінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Әл-Фараби атындағы университеттің терең тарихы мен ғылыми-білім беру бағытында атқарып отырған жұмыстарына тоқталды.

ҚазҰУ мен Санкт-Петербург

арасында 2015 жылы ғылым мен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Серіктестік шеңберінде 2021 жылдың 2 қаңтарында

Coursera (Корсера) халықаралық білім беру платформасында жарияланған «Молекулярлық биология әдістері» (Methods of molecular biology) атты Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ-дың алғашқы жаппай ашық онлайн-курсы бірлескен жобасы жүзеге асырылды.

Жалғасы 2-бетте

Продолжатель
прославленной
династии ученых

3-бет

Еңбек пен ізденіс
алға жетелейді

4-бет

Болмысы бөлек
ғалым еді...

5-бет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Петербург мемлекеттік экономикалық университеті ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Экономикалық университетпен ортақ жұмыстар талқыланды

Қосдипломдық білім беру бағдарламасы жүзеге асады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Санкт-Петербург қаласына жұмыс сапары аясында Ақпараттық технологиялар, механика және оптика ұлттық зерттеу университетінің (АТМО) ректоры Владимир Васильевпен кездесті.



ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Петербург мемлекеттік университетінің ректоры Игорь Максимцевпен ресми кездесіп, алдағы уақытта атқарылатын ортақ жұмыстар мен ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

Игорь Максимцев Ресейдің RAEX-100 үздік жоғары оқу орындарының рейтингінде 37-орынды иеленетін Петербург университетінің жетістіктеріне тоқталды.

Қазақ ұлттық университетінің басшысы ресейлік әріптестерді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылымды дамыту бағытында іске асырылып жатқан жобалармен таныстырды. Ректор Ресейдің жоғары оқу орындарымен ғылым және жоғары білім саласындағы ҚазҰУ-дың ынтымақтастығы артып келе жатқанын атап өтіп, Петербург университетімен әріптестікті нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

Света
ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаевты қарсы алған АТМО ректоры Владимир Васильев 1900 жылы құрылған Ресей Федерациясының жоғары оқу орнының қызметі жайлы әңгімелеп берді.

– ҚазҰУ Еуразиялық университеттер қауымдастығы шеңберінде АТМО ұлттық зерттеу университетінің серіктесі және қосдипломдық білім беру бағдарламасын жүзеге асырады, – деп атап өтті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев. –

Осыған байланысты біз келесі бағыттар бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге және дамытуға ниеттіміз. Олар: студенттерді спорттық бағдарламалар бойынша жарыстарға дайындау үшін жазғы мектептерді ұйымдастыру, «Ақпараттық технологиялар» бағыты бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу институтын ашу, «Спорттық қауіпсіздік жүйесі», «Спорттық бағдарламалау» мамандықтары бойынша қосдипломдық бағдарламаларды, бірлескен білім беру

бағдарламаларын іске асыру, ҚазҰУ оқытушылары мен докторанттарының тағылымдамаларын ұйымдастыру және басқалар. Біз АТМО-мен жемісті және өзара тиімді серіктестікке толығымен мүдделіміз.

Жүздесу соңы пікір алмасумен, екі университет арасындағы ынтымақтастық перспективаларын талқылаумен және естелік фотосессиямен аяқталды.

Света ӨМІРҒАЛИЕВА

Санкт-Петербург университетімен серіктестік артады



Соңы. Басы 1-бетте

Курстың негізгі авторлары мен әзірлеушілері – ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің Молекулалық биология және генетика кафедрасының қызметкерлері. Онлайн курсты Жаңа білім беру технологиялары институты (ЖБТИ), биология және биотехнология факультеті мен СПбПУ бірлесіп әзірледі.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ ресейлік ЖОО-лармен бірлесіп қосдип-

ломдық 31 білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда. ҚазҰУ-дың 14 факультеті Ресей Федерациясының жеті серіктес жоғары оқу орнымен ынтымақтасады. Академиялық ұтқырлық аясында қазіргі уақытта университетте Ресей Федерациясының 53 студенті білім алады және соңғы үш жылда университетке Ресейдің 40-қа жуық ғалымы келіп кеткен.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Венгрия астанасы Будапешт қаласындағы Обуда университетінің ректоры Левент Ковач бастаған делегация жұмыс сапарымен келді.

Обуда өкілдері ҚазҰУ қызметіне қанықты



Венгрия делегациясының құрамындағы бас директор Андраш Мольнар, «Alba Regia» техникалық факультетінің деканы Дьердь Георк, техникалық факультеті деканының орынбасары және Орталық Азия аймағының үйлестірушісі Моника Погатшник, Байланыс және баспасөз қызметі департаментінің жетекшісі Илдико Тот кездесуде болып, ҚазҰУ қызметімен танысты.

Қазіргі уақытта ҚазҰУ Венгрияның 8 университетімен: Обуда университетімен, Янош Кодолани атындағы Қолданбалы ғылымдар университетімен, Сегед университетімен, Батыс Вен-

грия университетімен, Эстерхаз Карои атындағы колледжімен, Петер Пазман католик университетімен, Шопрон университетімен және Земмельвейс университетімен ынтымақтастық байланыс орнатқан.

Айта кету керек, ынтымақтастық аясында соңғы жылдары 10 докторант пен 73 студент Венгрияның жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ осы кезеңде 20 оқытушы ғылыми жобалар бойынша Венгрия жоғары оқу орындарында халықаралық симпозиумдарға қатысты.

Еңлік АҚЖІГІТ

Ректор ресейлік «Технополис» жұмысымен танысты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев екі күндік сапары барысында Санкт-Петербург политехникалық университетінің «Технополис» ғылыми-зерттеу корпусының жұмысымен танысты.

Бұл зерттеу корпусы аясында ірі ресейлік және шетелдік компаниялармен бірлескен орталықтар құрылып, ортақ жұмыстар атқарылууда. Ресей өнеркәсібінің өзекті мәселелерін шешу үшін инженерлік кадрлар мен ғалымдар тобын даярлаудың серпінді ғылыми-білім беру технологиялары әзірленуде.

СПБПУ ректоры Андрей Рудский және халықаралық қызмет жөніндегі проректор Д.Арсеньев ҚазҰУ ректорын «Технополис» орталығындағы зертханалар жұмысымен таныстырды. Аддитивті технологиялар зертханаларында, машина жасау, материалдар және көлік институтында, жеңіл материалдар мен конструкцияларда ғалымдар мен студент-



тер жұмыс істейтін жабдықтар мен жобалар ұсынылды.

ҚазҰУ ректорын соңғы ғылыми жаңалықтар және зерттеулермен таныстырған Анатолий Попович университет зертханаларында тұщы суды тазарту технологиясы, металдан жасалған 3В басып шығаруға арналған нейрожелі құрылғанына баса назар аударды. Сондай-ақ ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевқа инсульттан кейін емделушілерді оңалтуға көмектесетін ойын кешені және басқа да жобалар көрсетілді.

Бүгінгі таңда Санкт-Петербург

университетінің ғалымдары мен студенттері қуатты «Политехникалық» суперкомпьютерлік орталықты пайдаланады. Ректор Жансейіт Түймебаев цифрландыру, цифрлық егіздер, модельдеу саласындағы «Әлемдік деңгейдегі ғылыми орталықтың» ірі жобаларымен танысты.

Экскурсия барысында зертхана басшысы М.В.Болсуновская «Деректерді ағынмен өңдеудің өнеркәсіптік жүйелері» зертханасында әзірленіп жатқан жобалар туралы да айтып берді.

Гүл БАЯНДИНА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Халықаралық білім беру жөніндегі америкалық кеңестерінің (ACCELS) делегациясы жұмыс сапарымен келді.

Делегация құрамында Халықаралық білім беру жөніндегі америкалық кеңестердің президенті Дэвид Паттон, ұйымның негізін салушылардың бірі, доктор Дэн Дэвидсон, стратегиялық тілдер, мәдениет және аймақтар жөніндегі бағдарламаларының директоры Сэм Эйзен және т.б. бар.

Құрметті қонақтар алдымен ҚазҰУ музейін, Жағдаяттық басқару орталығын және оқу корпусарын аралап, университет басшылығымен кездесті.

Қазіргі таңда ҚазҰУ АҚШ-тың 13 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған.

Өз кезегінде Халықаралық бі-

АҚШ студенттерінің қатары көбейіп келеді



лім беру жөніндегі америкалық кеңесінің президенті Дэвид Паттон университет басшылығына ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ жүздесуде Дэн Дэвидсон мен Сэм Эйзен сөз сөйлеп, ҚазҰУ-да «Флагман» бағ-

дарламасы бойынша оқитын америкалық студенттер контингентін ұлғайту жөнінде өз ойларын ортаға салды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Студенттер сенбілікте белсенділік танытты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалпыуниверситеттік сенбілік өтті.

Сенбілікке университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері, 2500-ге жуық оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты.

Студенттер мен оқытушылар ұжымы оқу ғимараттары мен жатақханалардың айналасын ретке келтіріп, сенбілікке белсене атсалысты. Бірлескен жұмыстар нәтижесінде университет аумағы ретке келтірілді.

Алмат ИСАДІЛ



У казахского народа много достойных сынов и дочерей, которыми по праву можно гордиться. И одна из них – профессионал высокого класса, талантливый ученый, член-корреспондент НАН РК, доктор филологических наук, профессор, декан филологического факультета КазНУ имени Аль-Фараби Баян Умирбековна Джолдасбекова.

Анализируя трудовой и творческой путь профессора Баян Джолдасбековой невольно поражаешься широкому диапазону круга ее интересов и деятельности, в сфере которых она состоялась как ученый и талантливая личность, олицетворяющая народную мудрость о том, что «талантливый человек талантлив во всем».

Баян Умирбековна Джолдасбекова родилась в 1962 году в г. Москве, в 1983 году с отличием окончила филологический факультет КазГУ имени С.М.Кирова, в разные годы блестяще защитила кандидатскую и докторскую диссертации. Наставниками в ее научных изысканиях были яркие звезды казахстанской филологической науки – академики Мухамеджан Каратаев, Заки Ахметов и Зейнолла Кабдолов.

Благодаря исследованиям профессора получили свое развитие новые для Казахстана направления научных исследований в области филологии, в частности, изучение проблем жанрово-стилевого своеобразия прозы в современном литературоведении, особенностей внутренней эволюции жанров и евразийских мотивов как выражение духовного согласия в контексте диалога восточной и западной культур, анализ поэтики.

Без преувеличения можно сказать, что Баян Умирбековна стояла у истоков научного изучения творчества ряда писателей. Ею опубликовано более 300 научных трудов, из них 15 монографий, 20 учебников и учебных пособий, 18 статей в журналах, входящих в базу данных Scopus. Имеет 25 авторских свидетельств. Б.У.Джолдасбекова – автор многих элективных курсов, внедренных в учебный процесс.

Баян Умирбековна считает научно-педагогическую деятельность своим основным призванием. Она создала свою литературоведческую школу. Забота о молодых талантливых ученых – одна из отличительных черт профессора Б.У.Джолдасбековой. Она растит, пестует своих учеников, многие из которых уже сами воспитывают будущих исследователей. Ее ученики активно работают в сфере науки и образования нашей республики и зарубежья. Учитель повторяется в своих учениках. Она является председателем диссертационного Совета КазНУ (PhD), членом диссертационных советов КазНПУ им. Абая и СПбГУ (г. Санкт-Петербург, Россия). Научная степень профессора признана в России.

Нас всегда поражает, что Баян Умирбековна обладает всеми лучшими человеческими чер-

тами. Во-первых, ее трудолюбие. Материалы, которые она собирает по истории русской и русскоязычной литературы Казахстана, литературоведения нашей страны по размаху охвата исключительны.

Во-вторых, в отношении к другим людям она тактична и справедлива. В отношении к делу добросовестна и трудолюбива. В ней удивительно гармонично сочетается внешняя и внутренняя красота. Эффектная женщина с неповторимым вкусом всегда излучает тепло и обладает притягательностью. Искренне радуется успехам коллег и родных. Всегда близко к сердцу принимает чужую боль.

В-третьих, Баян Умирбековна одна из немногих ученых, которые умеют создать и сохранить вокруг себя пространство свободы, оставаться самостоятельными

и независимыми в своих суждениях. Своей харизмой, энергетикой, самим фактом своего существования она подает пример окружающим. За это ее любят друзья и единомышленники.

В-четвертых, Баян Умирбековна романтик, театрал, имеет отличное музыкальное образование, хорошо разбирается в живописи. Человек, который способен видеть красоту обыденных вещей и восхищаться ею. Человек с острым восприятием окружающего, любит мир таким, какой он есть. Она очень трепетно относится к семейным ценностям, не утратила оптимизма и веры в жизнь.

Профессор Джолдасбекова обладает смелостью и новаторством в решении сложных и важных научных проблем. В ней гармонично сочетаются качества пытливого ученого-теоретика и практика, страстного сторонника инновационного и революционного, способного осмыслить материал и создать свою оригинальную научную концепцию по проблемам евразийского литературоведения. Ее фундаментальные монографии, в которых она ввела в аналитический контекст новые данные, определения, термины, решения, получили высокую оценку в международном и отечественном экспертном сообществе, широко распространены в республике и за рубежом.

Именно благодаря многолетним трудам профессора, интеллектуальным достоянием современного литературного процесса, причем не только казахстанского, стали произведения многих прозаиков Казахстана. Ее исследования насыщены богатым фактическим материалом, интерпретацией развития трудов отечественных и зарубежных специалистов как единого общемирового научного процесса.

Баян Умирбековна убеждена в том, что именно со знакомства человека с литературой начинается процесс образования и



выдающийся вклад в развитие науки и техники, государственного гранта «Лучший преподаватель вуза РК» (дважды), «Лучший преподаватель КазНУ имени Аль-Фараби» и др. Патриот своей альма-матер искренне воодушевлена теми позитивными фундаментальными изменениями, происходящими в последнее время в родном университете под руководством ректора Туймебаева Жансеита Кансеитовича – гордости филологического факультета.

Особо хотелось бы сказать о семье Баян Умирбековны. Прежде всего следует отметить, что ее родители – гениальные ученые мирового уровня и гордость казахского народа! Отец – Умирбек Арисланович Джолдасбеков, академик НАН РК, доктор технических наук, профессор, выдающийся ректор в течении 16 лет,

Продолжатель прославленной династии ученых

Без преувеличения можно сказать, что Баян Умирбековна стояла у истоков научного изучения творчества ряда писателей. Ею опубликовано более 300 научных трудов, из них 15 монографий, 20 учебников и учебных пособий, 18 статей в журналах, входящих в базу данных Scopus. Имеет 25 авторских свидетельств. Б.У.Джолдасбекова – автор многих элективных курсов, внедренных в учебный процесс.

родных научных конференций «Джолдасбековские чтения» и «Багизбаевские чтения», инициатором и координатором программ двухдипломного образования, организатором литературного общества «Аккайын». Является главным редактором научного журнала «Вестник КазНУ. Серия филологическая», входящего в перечень ККСОН, а также членом редакционных коллегий научных журналов «Вестник РУДН» (РФ, г. Москва) и «Вестник ВолГУ» (РФ, г. Волгоград), входящих в базы РИНЦ и Scopus.

За огромный вклад в развитие филологической науки и филологического образования в Казахстане профессор Б.У.Джолдасбекова была удостоена высоких наград: медалями «Ерен еңбегі үшін», «Бірлік», Серебряный медалью КазНУ, почетными грамотами Казахстана, России, Белорусии, нагрудным знаком «Почетный работник образования РК». Она обладатель Государственной научной стипендии для ученых и специалистов, внесших

при нем был заложен и построен КазГУград; мать – Мая Михайловна Багизбаева, академик ВШРК, доктор филологических наук, профессор, многие годы заведующий кафедрой русской и зарубежной литературы; старший брат – Скандербек Джолдасбеков, академик ИАРК, доктор технических наук, профессор, директор НИИ имени академика Джолдасбекова. К глубочайшему сожалению, эти яркие личности рано ушли из жизни. Младшая сестра – Гаухар Джолдасбекова, кандидат технических наук, доцент, живет и работает в Австрии. Супруг Баян Умирбековны – Абилкаир Аубакиров кандидат экономических наук, доцент, занимает ответственную позицию в КазНУ имени Аль-Фараби. У него много творческих планов и интересных задумок. Сын – Аскар Аубакиров-Джолдасбеков, кандидат юридических наук. Блестящий офицер, работник прокуратуры Казахстана. Думаем, таким сыном родители вправе гордиться. Все члены семьи Баян Умирбековны традиционно выбрали путь служения Отчизне.

В заключении можно сделать вывод, что научная, педагогическая и общественная деятельность профессора Баян Умирбековны Джолдасбековой направлена на укрепление авторитета казахстанской филологической науки на мировой арене. У нее большие планы на будущее и мы, ее коллеги, всегда ждем от нее чего-то нового и неожиданного. Достойный носитель легендарной фамилии является примером ясной мысли, превосходной логики, отлично держится и, как всегда, это человек высокой культуры и интеллигентности.

Раушанбек АБСАТТАРОВ,
член-корреспондент НАН РК,
доктор философских наук,
профессор

Сауле БЕГАЛИЕВА,
доктор педагогических наук,
профессор кафедры
русской филологии и
мировой литературы КазНУ

Шора Сарыбаевтың жеке мұрағатын сыйға тартты

Қазақ ұлттық университеті Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтында «Шора Сарыбаевтың жеке мұрағаты – Ш.Уәлиханов мұрасын зерттеу дереккөзі» атты іс-шара барысында ғалым Ш.Сарыбаевтың жеке мұрағатын сыйға тарту рәсімі болып өтті.



Ғылыми жұмыстан қолы қалт еткенде «Қайрат» командасы туралы газет-журналдарда жарық көрген материалдарды жинап, жүйеге түсіріп альбом жасаған. Майра Шорақызы әкесінің футбол күнтізбелерін жарыққа шығарғанын, спорттың осы түріне қатысты төсбелгілер мен спорт киімдерін, «Қайрат» командасының аға буын өкілдерінің қолы қойылған доптарды жинаумен айналысқанын айтып өтті. Шора Шамғалиұлы жастарды патриоттық тәрбиеге баулуда, отаншылдық рухта тәрбиелеуде спорттың алар орны ерекше екенін, футболдан ұлттық мұражай ашылса, оған қойылатын заттарға өзінің де үлес қосатынын айтып отырған. Ғалым музей ашу жұмыстарына ерекше қызыққан әрі атсалысқан.

Майра Шорақызының айтуынша, әкесінің Ш.Уәлиханов туралы жинаған кітаптарын, қолжазбаларын, картотекаларын, архив материалдарын Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтына тапсырудағы мақсаты – болашақта студенттер мен магистранттар, докторанттар көрнекті ағартушы ғалымның өмірі мен шығармашылығы жайлы зерттеу жұмыстарын жалғастырғанда пайдалануға мүмкіндік туғызу. Еңбектерді ғылыми айналымға түсіріп, келешек ұрпаққа жеткізетініне сенетінін жеткізді. Сонымен бірге әкесі мен атасы, өзі де осы қара шаңырақта білім алғандықтан, Шоқан Уәлиханов мұраларын осы институтқа тапсыруды жөн көргенін атап өтті.

А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Анар Салқынбай қазақ тілі грамматикасы, лексика, лексикография, диалектология, тіл білімі тарихы, есімнаманы қамтитын «Қазақ тіл білімі мәселелері» монографиясы ана тіліміздің хрестоматиясына айналғанын, ал

көрнекті ғалымның еңбектері өзбек, араб, қырғыз, татар, түрік, әзірбайжан т.б. тілдерге аударылып, түркі тілдерінің дамуына да елеулі үлес қосқанын айтып өтті. Сондай-ақ Шора Сарыбаев туралы қызықты естеліктерімен бөлісті.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінен келген ф.ғ.к. Мәдина Қабылқызы ғалымның өзгелерге өнеге болатын тағы бір қасиеті – қарапайымдылығы жайында айтып берді. Балаларға ана тілін үйретуді балабақшадан бастау мәселесіне көңіл аударып қана қоймай, бұқаралық ақпарат құралдарында, теле-радио хабарларда «Қазақ балабақшасын көбейтпей, қазақ тілінің көсегісі көгермейді» деп ұран тастаудан жалықпағанын, өзінің немерелерін қазақ тілінде сөйлетіп, патриотизм отбасынан бастау алатынына ерекше мән бергеніне тоқталды.

Түркітану және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Раушан Авакова Шора Шамғалиұлы ғұмырының ұзақ уақытын қазақ тіл білімі тарихын зерттеп, «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты кітабының алты томын шығарғанын, «Қазақтың аймақтық лексикографиясы» атты еңбегі түркітану ғылымында аймақтық лексикография теориясына арналған алғашқы монография екенін сөз етті. Қазақ және түркі тілдерінің диалектологиялық атласын жасауға белсенді қатысып, «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» атты үлкен еңбек қалдырғанын жеткізді.

«Көрнекті ғалым Ш.Сарыбаевты еске алып, құрмет көрсеткендері үшін ұрпақтарының атынан ризашылығымды білдіремін», – деді Майра Шорақызы.

Шолпан ҚҰДИЯРОВА,
PhD, Түркітану және тіл теориясы кафедрасының оқытушысы

Жас мамандар қай бағытта жұмысқа орналаса алады?

– мұнай өндіру және мұнай-химия өнеркәсібінің сапасын бақылау бөлімінің маманы;

– қабаттық қысымды ұстап тұру, су дайындау, мұнай мен газды жинау және дайындау қызметі т.б. құрылымдық бөлімшелердің маманы;

– қатты және сұйық зымыран отындарын өңдеу зауыттары;

– ұңғымаларды күрделі және ағымдағы жөндеу жөніндегі сервистік компаниялардағы кіші лауазымдар;

– жобалау ғылыми-зерттеу институттарындағы кіші лауазымдар; аралас салалардағы және т.б. лауазымдарда жұмыс істеуге шақырды. Мысалы, жаңа кәсіп – smart-

field жүйелерін әзірлеуші, ол мұнай көмірсутектерін өндіру көрсеткіштерін арттыру мақсатында мұнай қабатын басқаруға мүмкіндік беретін бағдарламалық және техникалық құралдар кешенін әзірлеуді көздейді. Мұнай-газ саласындағы тағы бір жаңа кәсіп – болашақ digital-технолог – кен орындарының өңірлік циклін басқаруды автоматтандырудан тұратын мұнай-газ секторының тренді болып саналады.

Нұрбибі ЖӘКІРОВА,
Лариса САСЫҚОВА,
Физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасының оқытушылары

Өмірде өзінің дара табиғатымен ерекшеленіп, білімі, біліктілігі, көркем мінезімен ел назарын өзіне аударып, көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленген адамдарды тұлға десек, артық айтқандық емес. Сондай адамның бірі – ұлағатты ұстаз, Қазақстан ғылымының дамуына өз үлесін қосып келе жатқан ғалым, Қазақ ұлттық университетінің профессоры, химия ғылымының кандидаты, PhD докторы, Физика-химиялық зерттеу және талдау орталығы (ФЗХТО) директорының ғылым жөніндегі орынбасары Мереке Әлімжанова.

Еңбек пен ізденіс алға жетелейді

Мереке Бауыржанқызы Қазақ ұлттық университетінің магистратурасын 2008 жылы үздік аяқтаған. 2010 жылы Қазақстанның зымыранғарыш кешенінің қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін дәйекті фактілермен дәлелдеп, кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Араға екі жыл салып, 2012 жылы «Қазақстанның қоршаған орта объектілерінде мұнай көмірсутектерін анықтаудың заманауи хроматографиялық әдістерін әзірлеу» тақырыбында PhD диссертациясын үздік қорғап шықты.

Мереке Әлімжанова 2012-2018 жылдар аралығында Физика-химиялық зерттеулер мен талдау әдістері орталығындағы «Биосфера экологиясы» зертханасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ал 2018-2020 жылдар аралығында Қазақ ұлттық университетінің алғашқы постдокторанттарының қатарынан табылды. Ұтқыр ұйымдастырушылық қабілеті мен кәсіби біліктілігі, сондай-ақ тынымсыз еңбектің арқасында 2020 жылы ФЗХТО директоры қызметін атқарып, орталықтың ғылыми жобалары мен қаржыландыруын екі есе арттырды. Бүгінгі таңда осы орталық директорының ғылым жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарып жүр.

Мереке Бауыржанқызы өз мамандығына әрдайым құрметпен қарайды. Үздік ғалым жиырма жыл бойы қажырлы еңбегін қазақ ғылымының дамуына арнап келеді. Жалын атқан шәкірттерін биік шыңдарды бағындыруға, өмірден өз орнын табуға жөн сілтеген ұлағатты ұстаз. Ғалымның қазіргі ғылыми қызметі аналитикалық химия және экологиямен тығыз байланысты. Сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолдануға арналған заманауи, жедел, сезімтал аналитикалық әдістерді әзірлеу мен сертификаттау саласына тер төгеді. Бұған қоса, халықаралық және отандық ғылыми жобаларға жетекшілік жасайды. Өзі жүзеге асырған жобалардан оң нәтиже көрмейінше, тыным таппайды. Бұл көп адамда, әсіресе көп ғалымда жиі кездесе бермейтін қасиет.

Бір айта кетерлігі, Мереке Бауыржанқызы химиялық заттарды, материалдарды және қоршаған орта объектілерін талдаудың заманауи аспаптық әдістерін жақсы меңгерген. Бұл қабілет оған



ғылыми зерттеулерді ең жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Ол шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасуға және ҚазҰУ-да жүргізілетін зерттеулер мен әзірлемелерде халықаралық жетістіктер мен тәжірибелерді пайдалануға мүмкіндік беретін ауызекі және ғылыми ағылшын тілін жетік меңгерген. Соның арқасында өзінің ғылыми жұмыс нәтижелерін жетекші халықаралық ғылыми журналдарда жариялап, халықаралық ғылыми конференция, конгресстерге жібереді. Ғылыми қызметі басталғаннан күні бүгінге дейін 150-ден астам ғылыми еңбектері жарыққа шықты. Соның ішінде Web of Science және Scopus деректер базасындағы халықаралық ғылыми журналдарда 34 мақаласы жарияланды. Тағы бір атап өтерлігі, Мереке Әлімжанова 2017 жылдан бастап Food Chemistry, Foods, Food Analytical Methods халықаралық журналдарында рецензент. Осыған орай, аты аталған халықаралық басылымдардың қызметіне белсенді түрде араласады.

Қазір Мереке Бауыржанқызы Қазақ ұлттық университетінде білім алып жүрген студенттерге, магистранттар мен докторанттарға физика-химиялық талдаудың заманауи әдістерін үйретіп, өзінің жылдар бойы жинаған жұмыс тәжірибесімен бөлісіп жүр. Ол зертханалық және жеке сабақтар өткізеді. Күні бүгінге дейін ғылыми жұмыстарды басқару процесінде ғалымның жетекшілігімен 20-дан астам бакалавр маманы және 15 магистр даярланды. Қазір ҚазҰУ-дың төрт PhD-докторантының ғылыми жетекшісі екенін де айта кету орынды.

Мереке Бауыржанқызының ұстаздық еңбегі мен қазақ ғылымына қосқан айрықша үлесі бір төбе, сонымен қатар ол отбасында үш ұл тәрбиелеп отырған аяулы ана, асыл жар.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Химия және химиялық технология факультетінің студенттері мен оқытушылары Физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасы білім алушыларының көмегімен педагогикалық практика шеңберінде ұйымдастырған «Мамандығым – мақтанышым» атты іс-шара өтті.

Шараға университет түлектері мен мектеп бітіретін оқушылар Zoom платформасында қатысуға мүмкіндік алды. Олар өз ісінің маманы болып қалыптасуға «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша магистратура бітіргеннен кейін төмендегі бағыттар бойынша жұмысқа орналаса алатынын айтты:

– мұнай өндіру жөніндегі оператор;

– газ өндіру жөніндегі оператордың көмекшісі;



Болмысы бөлек ғалым еді...

Адамзат баласының ғұмыры қысқа болғанымен, артында өнегелі іс қалдырып, өзі өмірден өтсе де, еңбегі мен қызметі, айналасындағыларға жасаған жақсылығы естен кетпейтін адамдар бар. Осындай келбетімен есте қалатын тұлғаның бірі заң ғылымының докторы, профессор Сағындық Байсалов болатын.



қандай, «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегенді, шәкірттерінің көз алдында терең білімге, жаңа идеяларды тынбастан іздеуші әрі оны жүзеге асыруға табанды ұмтылудың шыннайы үлгісіне айналған тұлға.

Ғұлама ғалым әл-Фараби: «Ғылымның сарайына кіретін адамның ары таза, жан иманы көміл, пейілі тура болуы керек. Ондай бола алмайтын адамдар өзін де, өзгені де былғамай, ғылымнан аулақ жүру керек», – деген. Міне, осы сөздер эколог-ғалым Сағындық Байсаловқа арналып айтылғандай. Өйткені ғұлама ғалымның болмысы бөлек тұлғалық қасиетін біз ұстазымыздың бойынан көреміз.

Өмірдің қатал сыны ғалымды айналып өтпеді. Тағдырдың кермек дәмін татып, жанкешті өмір сүрсе де мойымады, әрдайым «ұстаз» деген атқа лайықты бола білді.

Әр жылы сәуір айында ұстазымыз Сағындық Байсаловқа деген құрмет пен шәкірттік парызымыз ретінде заң факультетінің жас ғалымдары мен студенттері арасында «Байсалов оқулары» атты халықаралық конференция дәстүрлі түрде өтіп келеді. Биыл да дәстүрлі конференция өз жалғасын табуда.

«Мың адамға татитын ғұмыр кешкен» аяулы ұстазымыз Сағындық Байсалов, көзі тірі болса, биыл 95 жасқа толар еді. Өзі өмірден өткенмен, жарқын бейнесі жүрегімізде. Халқымызда «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген қанатты сөз бар. Сағындық Байсаловтың артына қалдырған ұстаздық ұлағаты мен мол ғылыми мұрасы – осының айқын дәлелі.

Ләззат ЕРКІНБАЕВА,
Басқарма мүшесі –
академиялық мәселелер
жөніндегі проректор

Заң ғылымының атасы, ҚР ҰҒА академигі Мұрат Баймаханов 1933 жылы 1 қарашада Алматы қаласында дүниеге келген. М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1957 жылы тамамдады. 1959 жылы кандидаттық диссертациясын, 1973 жылы докторлық диссертациясын қорғады.

Жақсының жолы – жарық күн

1990 жылы Қазақстан егемендігін алғаннан кейін тәуелсіз еліміздің заңнамасын түбегейлі жаңарту жолында Мұрат Тәжімұратұлы аянбай еңбек етті. Біртуар азамат жаңа даму жолына түскен егемен Қазақстанның сапасы жағынан да, мәні мен мазмұны жағынан да өзге, түпкілікті жаңа конституциялық заңнамасын жасаудың бастауында тұрғандардың бірі екенін айту орынды. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы, 1993 жылғы Конституциясының жобасын дайындаған жұмыс тобының және сараптамалық комиссияның құрамында жұмыс істеді. «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі болды. Оған қоса, 2008 жылы ҚазГЗУ профессорлары тобы бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл туралы» заңының жобасын дайындауға қатысты.



1992-95 жылдары академик М.Баймаханов Конституция шеңберінде реформалар жүргізу, заңнаманы Конституцияға сәйкес келтіруді жеделдету, реформалар барысында туындайтын қайшылықтарды Конституция нормаларына сәйкес жедел шешу үшін құрылған Қазақстан тарихындағы тұңғыш конституциялық қадағалау органы – Конституциялық соттың төрағасы қызметін атқарды. Осындай жауапты қызметті атқара отырып Мұрат Тәжімұратұлы Қазақстанда конституциялық заңдылықты орнықтыруға, Конституцияның маңыздылығын қамтамасыз етуге тікелей қатыса отырып, тәуелсіз жас мемлекетіміздің құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуына ерен еңбек сіңірді.

М.Баймахановтың басшылығымен Конституциялық сот өзінің құзыретіне сәйкес, біршама нормативтік актілерді конституциялық емес деп таныды. Бірқатар күрделі істерді қарап, процестер жүргізді. Мұрат Тәжімұратұлы басқарған Конституциялық сот тиісті органның актілерін Конституцияға қайшы деп тани отырып, Конституцияның жоғары мәнін қамтамасыз еткен күрделі істі қарап шешті.

Академик отыз жылға жуық ҚР Ғылым академиясының Философия және құқық институтында түрлі лауазымдық қызмет атқарды. Кіші ғылыми қызметкерден бастап, институт директорына дейін көтерілді. Бұдан өзге, тарихи ағартушылық және құқық қорғаушы «Әділет» қоғамының президенті болды.

Алуа ИБРАЕВА,
з.ғ.д., профессор

Әйгерім ЖАРБОЛОВА,
з.ғ.к., аға оқытушы

Сағындық аға отандық экология, жер, су құқығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым. Ол 1928 жылы Ташкент облысының Бостандық ауданында дүниеге келген. 1949 жылы Ташкент мемлекеттік заң институтын үздік бітіргеннен кейін Мәскеуге, КСРО Ғылым академиясы Мемлекет және құқық институтының аспирантурасына жіберілді. Небәрі 24 жасында заң ғылымының кандидаты атанды.

Ғалымның өмір жолы одан әрі ҚР Ғылым академиясында өтті, онда ол аға ғылыми қызметкер, қоғамдық ғылымдар бөлімінің ғылыми хатшысы болып жұмыс істеді. «Су қатынастарын құқықтық реттеу мәселелері» тақырыбында ғылыми зерттеуін тыңғылықты түрде 15 жылға жуық зерттеді. Сағындық Байсалов Қазақстанның су құқығының негізін қалаған ғалымдардың бірегейі. 1996 жылы «Қазақ ССР Су құқығы» атты іргелі еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекті ТМД елдерінің кітапханаларынан, сондай-ақ АҚШ Мемлекеттік департаментінің, Германиядағы Геллен институтының, Франциядағы Сорбонна университетінің кітапханаларынан да кездестіруге болады.

Ұлағатты ұстаз 38 жасында Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясында Су құқығы бойынша докторлық диссертациясын сәтті қорғады. 1977 жылдан бастап С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Жер және колхоз құқығы кафедрасында 20 жыл бойы кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Осы кезеңде заңгерлердің бірнеше буынын дайындады. Оның ғылыми жетекшілігімен 30-ға жуық ғылым кандидаты мен бес заң ғылымының докторы еңбектерін қорғады.

Профессор С.Байсалов көптеген ғылыми еңбектердің, оның ішінде 300-ге жуық монографияның авторы. Өз кезегінде жинақтар мен сөздіктер, брошюралар мен табиғат ресурстары, экологиялық және аграрлық құқық мәселелері бойынша мақалалар дайындап, жариялады. Сондай-ақ ол бүкілодақтық орыс, украин, өзбек оқулықтарының бірлескен авторы. Оның ғылыми-теориялық идеялары мен тұжырымдамалары ғылыми ортаның, оқырмандар мен кәсіби қызметкерлерінің лайықты жоғары бағасына ие.

Ұстазымыз бар ғұмырын ғылымға арнады. Абай атамыз айт-

Қаржы-есеп жүйесін дамыту жайы талқыланды

Қаржы және есеп кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы жұмыс берушілердің өкілдерімен бірге «Цифрлық Қазақстан тұжырымдамасы аясында қаржы-есеп жүйесін дамытудың заманауи көзқарастары» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Жиынды э.ғ.к. **Ғ.Керімбек** жүргізді.

Дөңгелек үстелде салық қызметі органдарының тәжірибелі мамандары баяндама жасады. Атап айтсақ, Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті Бостандық ауданы бойынша басқарма басшысының орынбасары Айжан Албаева «Жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау» мәселесіне кеңірек тоқталды. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы ҚР кодексі (Салық кодексі) қолда-

нысқа енгізу туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №21-VI Заңының 45-1 бабының негізінде Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау төрт кезеңде енгізіледі. Осы жерде бір ескеретіні және құлаққағыс ретінде айтсақ та орынды, биыл ҚазҰУ-дың барлық қызметкерлері жұбайларын қоса алғанда, биыл 15 шілдеге дейін декларация тапсырады. Ол үшін «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасын ұялы телефонға жүктеп алуы тиіс.

Ал Алматы қаласы бойынша МҚД Бостандық ауданы бойынша басқармасы Алым бөлімінің басшысы Даният Кендәулетұлы жеке тұлғалардың банкроттығы жөнінде нақтырақ мәліметтер берді. Естеріңізде болса, жеке тұлғалардың банкроттығы жөнінде заң қабылданып, 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілген еді.

